

Бестамақ орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Бестамақ ауылы

№3

28.12.2023

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымы басшысының қайырымдылық көмек құралдарын пайдалану және олардың қозғалысы жөніндегі қызметі туралы есебі.
2. Қамқоршылық кеңестің атқарылған жартыжылдық есебі.

Алғашқы сөз алған мектеп директоры А.Истегулова Қамқоршылық кеңесі отырысының күн тәртібімен таныстырып өтті. «Мектепке жол» акция аясында Куртекова Айгерім отыз мың теңге көлемінде аяқ - киім, оқу - құралын Такен Алия мен Такен Нұрсұлтан алып берді.

Ата – ана Жумағалиева Салтанат он мың көлемінде Рысжан Есетке, мектептің әлеуметтік педагогы Рустем Самал Байғана Қолқанатқа он мың теңгеге оқу құралдарын, ата - ана Тынышбаева Айымгуль Байғана Ақботаға қырық мың теңге көлемінде оқу - құралдары, спорттық костюм, мектеп сөмкесін, информатика пәні мұғалімі Қуатбай Жансая жиырма мың теңге көлемінде Жолмырза Ақеркеге аяқ киім, юбка және оқу - құралдарын сатып алып берді. «Ақ жүрек» еріктілер тобы мен «Шебер қолдар» үйрмесі оқушылары қолөнер жәрмеңкесін ұйымдастырып, түскен қаражатқа күн көрісі төмен Танабергеновтар отбасына азық – түліктей көмек көрсетілді. Жоспарға сай «Армандар орындалады» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, үйден оқитын оқушы Шапай Санжарға Бестамақ орта мектебінің мұғалімі Фазылова Айнұрдың демеушілігімен мектеп сөмкесі және оқу – құралдары табысталды. Халықаралық мүгедектер күніне орай «Жылы жүрек - жомарт қол» акциясы ұйымдастырылып, «Жас ұлан» ұйымы, әлеуметтік педагог және тәлімгердің демеушілігімен Сағатұлы Исламбекке дәрумендер, тәттілер апарып, көтеріңкі көңіл - күй сыйлады. Мектеп басшысының тапсырмасы бойынша қыркүйек айынан бастап жекелеген санаттағы білім алушылар және 1-4 бастауыш класс оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Барлығы 346 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 64 қаулы бойынша азқамтылған, күн көрісі төмен отбасылардан шыққан 76 тәрбиеленушіден өтініш қабылданды.


Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ортақ келісімімен кеңес төрағасы болып Сұлтанов Мерғали қайта сайланды.


Екінші мәселе бойынша жаңадан Кеңес төрағасы болып сайланған М.Сұлтанов сөз алып, жалпы кеңестің міндеттеріне тоқталып өтті. Алдағы уақытта бірге жүйелі жұмыс жасап, жақсы нәтижелерге жетуге шақырды.


Г.Наушина қамқорлық акцияларын көбірек өткізуді алға тартып, сол мақсатта оқушылардың білім алу үшін жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсетуге шақырды.


Шешім:

1. Бестамақ орта мектебінде қайта құрылған қамқоршылық кеңесінің жұмысы жандандырылсын.
2. Кеңестің жұмыс жоспары оқу жылына байланысты құрылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы  Сұлтанов М

Қамқоршылық кеңес мүшесі  Қолғанатов С.

Қамқоршылық кеңес мүшесі  Наушина Г.

Қамқоршылық кеңес хатшысы  Дошанова Г.К.


Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі аясында робототехника бойынша өтетін «RoboLand-2023» ашық чемпионатында 3 «Ә» сынып оқушысы Жалғасбай Ерсұлтан II орынға ие болды. "Кішкентай білгірлер" атты интеллектуалдық олимпиадасына «Керуен», «Плюс» атты топтар қатысты, жүлделі орынға ие болды. "Мың бала" ұлттық зияткерлік Олимпиадасының II кезеңіне Жарылқап Аружан мен Нұржан Гауһар қатысып, жүз мың теңгеге ие болды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінің қорытындысы (9-11 кластар): 1 орын-1, 2 орын-6, 3 орын-5, Мақтау қағазы-1.


Ағымдағы мәселелер бойынша кеңес мүшесі А.Султанова сөз алды. Үйде отырған аналарға мектеп психологымен бірігіп, тренингтер ұйымдастыру қажет деп ойлаймын. Себебі, баламен отырған ана ашушаң болып келеді. Сол күйзелістен шығу амалдарын жасау керек деп есептеймін. Сізбен бірігіп, осы жұмыстарды ұйымдастырсақ деген ұсыныс жасағым келеді.

Келесі сөз кезегін кеңес төрағасы Султанов алды. Бестамак орта мектебі тірек мектебі болғандықтан, үш магнит мектептері бекітілген. Сондықтан мектептер арасында байланыс орнатылып, оқушылар, мұғалімдер өзара қатынасу үшін көлік қажет деп ойлаймын. Көлікті алып беруге демеуші табуға септігімізді тигізсек деген ұсыныс жасағым кеп отыр.

Қаулы:

1. Қайырымдылық көмек құралдарын пайдалану және олардың қозғалысы жөніндегі қызметі туралы есебі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Қамқоршылық кеңестің атқарылған I жартыжылдық есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Султанова мен мектеп психологтары бірігіп, үйде отырған аналармен тренинг жұмыстары жүргізілсін.
4. Ауылдан тыс мектептерге қатынау үшін мектепке қажет көлікті алуға демеушілер тартылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы  Султанов М

Қамқоршылық кеңес хатшысы  Дошанова Г.К.